Кімге: **«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-ге**

Кімнен: **«Үздіктер таңдауы» қоғамдық бірлестігінен**
Мекенжайы: Жамбылская обл., г.Тараз, ул.А.Айтиева, 100
эл.пошта: uspeshnyx@inbox.ru
тел: 87002436737

ШАҒЫМ

«Үздіктер таңдауы» қоғамдық бірлестігі № 39881465-ГСЗ1 лоты бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен № 5371171-ГСЗ1 көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамасына келіспейтінін білдіреді.

Келіспеудің негіздемесі:

1. «Үздіктер таңдауы» қоғамдық бірлестігін Қағиданың 12-қосымшасына сәйкес бағалау критерилеріне қатысты:

1-ші критерийі бойынша: Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 233-тармағына сәйкес,«Үздіктер таңдауы» қоғамдық бірлестігі техникалық ерекшеліктің талаптарын толық ескере отырып, неғұрлым үздік сипаттамаларды қамтитын жобаны ұсынғанын хабарлаймын.

1) Қағиданың конкурстық құжаттамаға 12-қосымшасының барлық 8 міндетті критерийі бойынша толық және анық ақпараттар (құжаттар) берілген. Тапсырыс беруші талап ететін қызметтердің барлық көлемі біздің ұсынған жобада (өтінімде) келтірілген.

Сонымен қатар, біз қызмет көрсету сапасын жақсартатын нақты іс-шараларды *(қосымша іс-шараларды)*, индикаторлардың барлық бағыты *(салым, процесс, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелер)* бойынша сандық және сапалық өлшемін және Қоғамдық бірлестіктің көрсетілген аумақта әлеуметтік жобаларды іске асыруда 1 жылдық жұмыс тәжірибесін растайтын Тапсырыс берушінің растаушы хатын ұсынғанбыз.

Конкурстық комиссия бағалағандай біз 12-қосымшаның ешқандай критерийі бойынша 0 (нөл) деген баллдық бағаны алмаймыз және жоғарыда аталғандай жобада (өтінімде) үздік сипаттамаларды ұсынып отырмыз. Бұл бізге конкурстық құжаттамаға 12-қосымшаның 1-ші критерийі бойынша **2 (екі) баллға** кепілдік береді.

Алайда, Тапсырыс беруші (конкурстық комиссия) біз ұсынған жобаны бағалау кезінде **осы фактіні елемеген және 1 (бір) деген балл қойған.**

2-ші критерийі бойынша: № 5371171-1 Экологиялық ағарту және насихаттау жөніндегі іс-шараларды жүргізу конкурсы бойынша «Үздіктер таңдауы» қоғамдық бірлестігінің Жарғылық мақсаты толық сәйкес келеді. Яғни, Жарғының 2.1 тармағында Бірлестік қызметінің мақсаты – экология мәселелері деп анық әрі нақты жазылған.

Бұл бізге конкурстық құжаттамаға 12-қосымшаның 2-ші критерийі бойынша **2 (екі) баллға** кепілдік береді.

Алайда, конкурстық комиссия аталған фактіні елемеген және әділетсіз 1 (бір) деген балл қойған.

3-ші критерийі бойынша: Біз Тапсырыс берушінің қойған мақсаттарына қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарын техникалық ерекшеліктің барлық талаптарын қамти отырып, қызмет көрсету сапасын жақсартатын қосымша 2 (екі) іс-шараны ұсынғанбыз және әрбір жоба тапсырмасында іс-шараның атауын және түрін, мерзімін және өткізу орнын сипаттап жазғанбыз.

Бұл бізге конкурстық құжаттамаға 12-қосымшаның 3-ші критерийі бойынша **6 (алты) баллға** кепілдік береді.

Алайда, Конкурстық комиссия біз ұсынған жобаны бағалау кезінде осы фактіні елемеген және әділетсіз 3 (үш) деген балл қойған.

7-ші критерийі бойынша: Қағиданың конкурстық құжаттамаға 6-қосымшасының «Ескерту» бөлігінде «Растау құжаттарының электрондық көшірмелерін беру **конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген** мәліметтер бойынша ғана міндетті. Конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына **ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда** растау құжаттарының электрондық көшірмелерін **бермеуге де болады»** - делінген.

Тапсырыс беруші **әлеуетті өнім берушілерге** техникалық ерекшелікте материалдық немесе білікті мамандарға ие болуы қажет және конкурстық құжаттамада оларды көрсетсін деген **талап қоймаған.**

Немесе Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарына сілтеме жасай отырып, техникалық ерекшелікте «мамандар болсын және құжаттары өтінімде (конкурстық құжаттамада) ұсынылсын» - деп, нақты талаптар қоймаған.

Яғни, Тапсырыс беруші тиісті мамандардың болуы туралы нақты талап қоймағандықтан, Конкурстық комиссия конкурстық құжаттамаға 12-қосымшаның 7-ші критерийі бойынша **барлық әлеуетті өнім берушілерді бұл критериймен бағаламауы тиіс болатын** *(немесе бізді де бағалауы тиіс)*.

8-ші критерийі бойынша: «Үздіктер таңдауы» қоғамдық бірлестігі индикаторлардың барлық бағыты *(салым, процесс, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелер)* бойынша сандық және сапалық өлшемін ұсынған.

Бұл бізге конкурстық құжаттамаға 12-қосымшаның 8-ші критерийі бойынша **6 (алты) баллға** кепілдік береді.

Алайда, Конкурстық комиссия біз ұсынған жобаны бағалау кезінде осы фактіні елемеген және әділетсіз 2 (екі) деген балл қойған.

Қорытынды жалпы баға бойынша: Қағиданың 233-тармағында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдану нәтижелеріне сәйкес, қорытындылар туралы хаттамада «Үздіктер таңдауы» ҚБ-де «жалпы балл» 11 (он бір) балл емес, **20 (жиырма) баллды құрауы тиіс** *(7-ші критерийді ескермегенде)* және конкурстық комиссияның шешімі бойынша біз ұсынған баға 20%-ға шартты төмендеудің орнына 0%-ға ғана төмендеп отыр.

2. Осы мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамада Тапсырыс беруші (конкурстық комиссия) **БСН 170840022309 «Қазақстан жастар фракциясы» қоғамдық қоры** *(әрі қарай – Әлеуетті өнім беруші)* Қағиданың конкурстық құжаттамаға 12-қосымшасында және 6-қосымшасында көзделген **бағалау критерийлеріне сүйенбей, негізсіз бағалап, жеңімпаз деп таныған:**

5-ші критерийі бойынша: Конкурстық комиссия Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы критерийіне 5 (бес) деген балл қойған.

5 (бес) деген балл - Әлеуетті өнім берушінің **сатып алынатын қызметтердің мәніне сәйкес келетін ұқсас қызметтер көрсету нарығындағы** екі жылдан астам және бес жылды қоса алғанға дейінгі жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттары болған жағдайда ғана қойылуы тиіс.

Алайда, Әлеуетті өнім берушінің **сатып алынатын қызметтердің мәніне сәйкес келетін ұқсас қызметтер көрсету нарығындағы** мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды іске асырған жұмыс тәжірибесі жоқ.

Ал, келісім шартсыз атқарылған және жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен қорлар тапсырыс берген бір реттік іс-шаралар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында іске асырылған қызмет көрсету нарығына сәйкес келмейді және әлеуметтік жобалар (бағдарламалар) бойынша жұмыс тәжірибесін бағалауда ескерілмейді.

Осыған орай, Конкурстық комиссия «Қазақстан жастар фракциясы» қоғамдық қорының 2018-2020 жылдар аралығындағы әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы 3 жылдық жұмыс тәжірибесі үшін **2 (екі) деген балл қоюы тиіс**.

6-шы критерийі бойынша: Конкурстық комиссия Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта әлеуметтік жобаларды іске асыру жұмыс тәжірибесі бойынша критерийіне 2 (екі) деген балл қойған.

Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта әлеуметтік жобаларды іске асыруда 2019 жылғы бір жылдық қана жұмыс тәжірибесі бар *(дәлелдемелік ресми қол қойылған құжаттарға сәйкес)*.

Ал, келісім шартсыз атқарылған және қорлар тапсырыс берген бір реттік іс-шаралар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясындағы әлеуметтік жобалар (бағдарламалар) бойынша жұмыс тәжірибесін бағалауда ескерілмейді.

Осыған орай, Конкурстық комиссия «Қазақстан жастар фракциясы» қоғамдық қорының көрсетілген аумақта әлеуметтік жобаларды іске асырудағы 1 жылдық жұмыс тәжірибесі үшін 1 **(бір) деген балл қоюы тиіс**.

1-ші критерийі бойынша: Конкурстық комиссия Әлеуетті өнім берушінің ұсынған жобасы негұрлым үздік сапаттамаларды қамтымаса да 2 (екі) деген балл қойған.

Яғни, Конкурстық комиссия конкурстық құжаттамаға 12-қосымшасының 1-ші критерийі бойынша Әлеуетті өнім берушінің ұсынған жобасына **1 (бір) деген балл қоюы тиіс.**

Қорытынды жалпы бағасы бойынша: жоғарыда фактілі келтірілген негізсіз бағалау нәтижелері бойынша «Қазақстан жастар фракциясы» ҚҚ-на берілген жалпы балдардың қосындысы 21 (жиырма бір) балл емес, **14 (он төрт) баллды құрап отыр** *(7-ші критерийді ескермегенде, ескерілсе біздің де мамандарды бағалауы тиіс)*.

3. Тапсырыс беруші (конкурстық комиссия) **БСН 200140034029 «Тәртіп пен тәрбие алаңы» ҚБ** *(әрі қарай – Әлеуетті өнім беруші)* Қағиданың конкурстық құжаттамаға 12-қосымшасында және 6-қосымшасында көзделген **бағалау критерийлеріне сүйенбей, негізсіз бағалап жоғары балл берген:**

2-ші критерийі бойынша: Конкурстық комиссия Әлеуетті өнім берушінің қызметі мақсатының (құрылтай құжаттарына сәйкес) Тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметтеріне сәйкес келуі бойынша 2 (екі) деген балл қойып, негізсіз баға берген.

Әлеуетті өнім берушінің Жарғылық мақсаты сәйкес келмесе де міндеттері ішінара сәйкес келеді.

Осыған орай, конкурстық комиссия «Тәртіп пен тәрбие алаңы» ҚБ-ның 2-ші критерийі бойынша **1 (бір) деген балл қоюы тиіс.**

6-шы критерийі бойынша: Қағиданың конкурстық құжаттамаға 12-қосымшаның 6-шы критерийі бойынша ескертпеде «Тиісті өңірде жұмыс тәжірибесін растау үшін Тапсырыс берушінің ресми хаты қосымша беріледі» делінген.

Яғни, Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта әлеуметтік жобаларды іске асырудағы жұмыс тәжірибесін растайтын құжатты заңнамада белгіленгендей ұсынбаса да,

конкурстық комиссия **1 (бір) деген баллды негізсіз қойып, артықшылық берген**.

Осыған орай, Конкурстық комиссия «Тәртіп пен тәрбие алаңы» ҚБ-де көрсетілген аумақта әлеуметтік жобаларды іске асырудағы жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттың жоқ болуын ескеріп, **0 (нөл) деген балл қоюы тиіс**.

8-ші критерийі бойынша: Әлеуетті өнім беруші Тапсырыс беруші ұсынған жоба нысанындағы «Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы» критерийі бойынша «салымдық нәтижелер индикаторын» және «сандық» индикаторларды **көрсетпеген.**

Алайда, Конкурстық комиссия Әлеуетті өнім берушінің 8-ші критерийіне 4 (төрт) деген балл беріп, Әлеуетті өнім берушіге артықшылық берген.

Яғни, Конкурстық комиссия Әлеуетті өнім берушіде «сандық **немесе** сапалық» индикаторлардың болуына байланысты 8-ші критерийге **2 (екі) деген балл қоюы тиіс**.

Қорытынды жалпы бағасы бойынша: жоғарыда фактілі келтірілген негізсіз бағалау нәтижелері бойынша «Тәртіп пен тәрбие алаңы» ҚБ-не берілген жалпы баллдардың қосындысы 14 (он төрт) балл емес, **11 (он бір) баллды құрап отыр.**

Біздің жобамызды бағалауда Конкурстық комиссиямен жіберілген айқын бұзушылықтардың болуын және басқа әлеуетті өнім берушілерге артықшылықтарды беруін, сондай-ақ, «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 48 және 16-баптарына сәйкес, біз келтірген фактілер мен дәлелдердің толықтығы мен дұрыстығын назарға ала отырып, № 39881465-ГСЗ1 лоты бойынша конкурстық комиссияның шешімінің күшін жоюды және Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен № 5371171-ГСЗ1 көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындыларын қайта қарауды сұраймын.

«Үздіктер таңдауы» қоғамдық бірлестігінің Төрағасы **Ж.Жапеков**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ТАРАЗ ҚАЛАСЫ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ
РК ЖАМБЫЛСКАЯ ОБЛАСТЬ ГОРОД ТАРАЗ ОБЩЕСТВЕННОЕ ОБЪЕДИНЕНИЕ
"Үздіктер таңдауы"
"Выбор успешных"